

АҢЫЗҒА АРҚАУ БОЛҒАН КИЕЛІ МЕКЕН

Саутова Б.К

Ғылыми жетекшісі:аға оқытушысы Жылқыбаев К.Д.
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
bopezhan.2002@gmail.com

Еліміздің оңтүстігінде,Түркістан қаласында, аты аңызға айналған сәулет өнерінің көрнекті ескерткіші Қожа Ахмет Яссауи кесенесі бар. Бұл кесенені әйгілі қолбасшы Әмір Темірдің бұйрығымен тұрғызып кеткен. Кесене қазақ топырағында бір кездері Ислам дінінің кең таралуының, Ислам мәдениетінің жоғары деңгейде гүлденуінің бір белгісі. Кесене XII ғасырда өмір сүрген, шығысқа аты әйгілі, сопылық ілімін уағыздаушы Ахмет Яссауидің бейітінің басына тұрғызылған. Бұл сәулет ескерткіші өз бойына ертеден келе жатқан жергілікті және Шығыс мұсылман құрылыс тәжірибесін жинақтаған бірегей ғимарат. Кемеңгер, ғұламамыздың басына салынған кесене еліміздің рухани мұрасы. Белгілі шығыстанушы Михаил Массонның өзі кесенеге жоғары түрде баға беріп : «Орта Азияда қай жағынан болсын бұл кесенеге тең келетін құрылыс жоқ.», -деген [3, 8 б.]. Кесененің ерекше бір жәдігері - сирек кездесетін асыл металдардың қоспасынан құйылған тайқазан. Бұл тайқазанның ерекшелігі тек оның жасалуында емес, оның тарихында. Жарты ғасырдан аса уақыт өзге елде қалып қойған, елімізде үлкен күшпен қайтарылған жәдігеріміз. Сонымен қоса, кесенеден қолды болған жәдігерлер туралы мақаламызда айтатын боламыз.

Қожа Ахмет Яссауи кесенесі Түркістан қаласында орналасқан. Қала туралы алғашқы деректер араб жазбаларында IV-IX ғғ. бастап Шавғар деген атпен кездесе бастайды. XV ғасырдың соңына дейін қала «Йасы» деп аталған екен [1]. Кішкене ғана Иасы деген қала XII ғасырда, сол жерге Қожа Ахмет Яссауи Хазірет Сұлтан келген соң, даңқы шығып кетіпті. 1166 жылы Қожа Ахмет Яссауи қайтыс болған соң, онан кейін оның бейітін түрік тұқымы, әсіресе, қазақ халқы әр уақыт зиярат ететін болыпты. Зияратқа әр жерден халық көп келетін болған соң ол жерде сауда ашылып, кішкене қала бірте-бірте шаһарға айналады. Хазірет Сұлтанға барып-қайтқандар қажыға барып қайтқандардан аз-ақ кем болады. Олар бастарына сәлде орап қайтып, жұрт Меккеден келгендей қолдарын алып, құрмет етеді [1].

Ал осы Қожа Ахмет Яссауи кім? Әйгілі ғұлама А.Яссауи – Арыстанбабтың шәкірті. Оның Арыстанбабқа шәкірт болуы туралы француз зерттеушісі Ирене Меликофф «Ахмет Яссауи және түркілердің халықтық исламы» атты еңбегінде: «Қожа Ахметтің әкесі Ибрагим Сайрамда белгілі шайқы болған. Ахмет жеті жасында жетім қалады. Сосын оны әпкесі Иасы қаласына алып барады. Ол жақта алғашқы ұстазы Арыстанбабпен кезігеді», – деп баяндаған. Фольклоршы, этнограф ағамыз Әбубәкір Диваевтың пайымдауынша, Арыстанбаб – Қожа Ахметтің химия пәнінен ұстазы. Ағылшын ғалымы Дж.Тримингэм зерттеуі бойынша: «Ахмет Яссауи – барлық түркі сопыларының бабасы. Яссауи дәстүрі таза түркілік бағытта болды. Ол түркі шайқы Арыстанбаб дүние салғанша соның қолында тәлім-тәрбие алды, кейін Бұхараға аттанды». Бұхараға аттанған шағында Ахмет Яссауи 27 жаста еді. Бұхарадан ол атақты ғұлама Хамаданиден білім ала отырып, өзінің ой өрісін кеңейтеді. Кейіннен Ясы қаласына қайтып келеді де, ұстазы Арыстанбабтың ісін жалғастырады [4, 21 б.].

Халық аузында кең тараған аңыз бойынша, әрі яссауитанушы Жақып Алтаевтың айтуы бойынша, Арыстанбаб Қожа Ахмет Яссауидің ұстазы болуымен қатар, Мұхаммед (с.а.у) пайғамбарымыздың аманатын тапсырушы да болып табылады. Бұл туралы аңызда бұлай баяндалған: «Бірде Мұхаммед (с.а.у.) пайғамбарға Жебірейіл періште бір табақ құрма алып келеді. Бір құрма табактан жерге түсіп кетеді. Жебірейіл періште ол құрманы алып пайғамбарға: «Мына құрманы өзіңізден 400 жыл кейін келетін, сіздің ісіңізді әрі қарай жалғастыратын үмметіңізге аманат етіп қалдырыңыз», – дейді. Пайғамбарымыз (с.а.у.) сахабаларын жиып, бұл аманат құрманы кім жеткізе алады? – деп, олардан сұрайды.

Сахабалардың ешқайсысы «мен жеткізер едім», – деп шыға қоймайды. Себебі ешқайсысы да өзінің 400 жыл өмір сүреріне сенімді емес еді және бір жағынан, сынап тұрған болар деп, күдіктеніп тұрғанда мұның Алла Тағаланың әмірімен болып тұрғанын жүрегімен сезген Арыстанбаб: «Егер өмірім жетсе, аманатыңызды мен жеткізер едім, бірақ ғұмырым өлшеулі әрі оны қайдан табамын», – дейді. Пайғамбар (с.а.у.) разы болып: «Өміріңізді Алла Тағала жеткізеді. Үмметімді Ислам діні тараған елдердің шығысынан іздеу керек. Ол баланың белгісі медреседен қайтқанда кітабын төбесіне қойып, артымен теріс қарап жүреді және ол аманатын сізден өзі келіп сұрайды», – деп жауап қайтарады.

Мұхаммед (с.а.у.) айтқандай, Қожа Ахмет жеті жасқа келгенде Арыстанбабты өзі танып: «Баба! Аманатымды беріңіз», – деп кездескен жерде бірден ұстай алады. Арыстанбаб 400 жыл бойы тісінің қуысына сақтаған құрманы балаға ұсынады. Қожа Ахмет кідірместен құрманы аузына салып жібереді. Сонда Арыстанбаб: «Балам, аманатыңды 400 жыл сақтағанда «дәм татыңыз» деп мезірет те қылмадың ғой», – дейді. Қожа Ахмет болса: «Сіз маған құрманың маңызын сорып, сүйегін берген жоқсыз ба?» – деген екен. Содан зерек баланы сопы Арыстанбаб өзіне шәкірттікке алады.

Жеті жаста Арыстанбабқа қылдым сәлем,

Осы халде мың зікірін қылдым тәмем...

Құрма беріп, басымды сипап, назар қылды

Мектеп барып, қайнап толып, тасыдым, міне,

– деп Ахмет Яссауидің өзі «Диуани Хикметінде» бұл туралы жазады» [4, 21-22 б.].

Шараф әд-Дин Әли Йездидің еңбегінен келтірілген дерек бойынша, 1388 жылы Тоқтамыс әскері Ясы қаласын аяусыз талқандап, Қожа Ахмет Яссауи мазарын тонап кеткен еді. Тоқтамыспен шайқаста жеңіске жеткен Әмір Темір 1397 жылдың күзінде шайқаста түскен олжасының бір бөлігіне Қожа Ахмет Яссауи басына үлкен кесене тұрғызуға бұйрық берген [2, 9 б.]. Кесене салына бастаған кездің өзінде көптеген қызық жағдайлар орын алады. Кесене салынуы туралы аңызға сүйенсек кесене бірден тұрғызыла қоймай, салынған қабырғалар қайта-қайта құлай берген. Бір күні Темірланның түсінде Қызыр шал еніп, аян береді. Түсінде шал оған: “Қожа Ахмет Яссауидің Арыстан деген ұстазы болған. Жолымен әуелі соған, кейін оның шәкіртіне кесене салындар” , -деген екен. Атақты қолбасшы А.Яссауидің ұстазы Арыстанбабтың қабірін іздеп тауып, Ясыдан кірпіш тасуға бұйрық беріп, ұстаздың мазарына үлкен күмбезді кесене орнатқан. Күмбез орнатқаннан кейін ғана Қожа Ахмет Яссауи кесенесі құламаған екен деген аңыз кездеседі.

Бұл сәулет ескерткіші Ислам дінінің шарықтағанына дәлел болып табылады. Кесенеге байланысты Әмір Темірдің өзі жазып қалдырған қолхаты бар. Бұл қолхатта: “Қандай жағдай болмасын сатуға, жекеменшік секілді ұрпақтан-ұрпаққа көшіруге болмайды”, - деп қатаң түрде ескерткен. Ал ғимараттың кіреберіс есігінің ішкі маңдайшасына: “Бұл әулие мекен Алла тағаланың рақымы жауған падиша Әмір Темір көрегеннің жарлығы бойынша орнатылды. Алла тағала оның әмірінің ғасырлар бойы жасауын нәсіп етсін!” деп жазылған болатын. Ғимараттың алдыңғы жағында Құранның сүрелері жазылса, кесенедің ту да сақтаулы тұр. Тудың бетінде «Ең даңқты сұлтан, патша, данышпан, билеуші, Әмір Темір» , - деген жазу бар.

Алаш арысы Міржақып Дулатовтың өзі 1913 жылдың мамырында Ташкентке бара жатқан сапарында, бұл кесенеге тоқтап аялдайды. Сол жылы арысымыз «Хазірет Сұлтан» атты мақаласын «Қазақ» газетінде жариялайды. Мақалада ол кесенені суреттей келе бұлай дейді: “Мешіт күйдірілген кірпіштен салынған. Үлкен дарбазадан бір үлкен бөлмеге кіресің, бұл бөлменің ортасында мыс қазан бар. Қазанның алыбы бес қанат үйдің шаңырағындай, айналасында арабша сөздер жазылған хәм «Әмір Темірдің жарлығы бойынша бұл қазанды құйған шебер Абдулғазиз Шарафуддинұлы Термезден», – деген жазуы бар. Бұл үлкен бөлменің төріндегі есік хазіреттің өзі жатқан бөлмеге кіргізеді. Есігіндегі шынар ағашы ғажайып нақышталып, болат тұтқада жазылған жазуда «Газуддин Тәжуддинұғлы» деген

шебердің аты бар. Қазандағы һәм есіктегі жазудың екеуінде мешіттің 1397 жылы салынғандығы көрінеді. Мешітте Әмір Темір сыйлаған ескі жазулы төрт Құран һәм бронзадан құйылған алты шамдал бар, биіктігі бір кезден артық, ауырлығы екі-үш пұт шамасында, жазумен нақышталған. Бұл мешітті салған бас шебер 1387 жылы Әмір Темір тұтқын етіп алған шираздық қожа Хасен деген адам екен» [1].

Түркістан қаласын А.Яссауи кесенесінен басқа да тарихи, киелі жерлерге бай. XVII ғасырдан бастап Түркістанды қазақтардың қол астына өтіп, Түркістан шаһары қазақ хандарының астанасы болған. Түркістанды қазақтан ең әуелі билеген Есім хан. Сонымен қоса, Түркістанда Тәуке, Қайып, Болат, Сәмеке, Абылай хандар билік еткен. Тек Абылайдың баласы Уәли ханның Түркістанға дәуірі жүре алмаған [1]. Кесенеде Абылай ханның, 1740 жылы Ташкентте өлтірілген Жолбарыс ханның, Әбілқайыр ханның, Қасым сұлтанның, жаужүрек батыр Жәнібектің, Орта жүз биі Қазыбектің мәйіттері жерленген. Есім - хан бұл мешіттің ішінде болмаса да маңайында қойылған екен, үстіне орнатқан белгісі бұл күнде жоғалып кетіпті. Бұлардан басқа Әмір Темірдің шөбересі Бабырхан һәм одан Сұлтан мұнда қойылған деседі [5, 150 б.]. Өткеннің іздері бойынша қала Бұхарға, одан кейін Ташкент билеушісі Жүніс қожаның қол астына өткен. 1819 жылдан 1864 жылға дейін қоқандықтар билеген. Ал 1864 жылы 12 маусымында орыс полковнигі Веревкин қаланы басып алады [1]. Оған қарсы Кенесары ханның ұлы Сыздық төре қарсыласқанмен, шайқаста жеңіліс дәмін татқаны белгілі.

Осылай қала қолдан қолға өту барысында кесенеге көптеген зақым келген. Тарихшы Мұхтар Қожаның пайымдауынша қоқандықтар кесенені ұзақ уақыт суға бөктірген. 1864 жылы Веревкин бастаған орыс әскері зеңбірекпен атқылап, кесенеге тиіп ғимараттың қабырғалары мен күмбезіне 11 зақым келтіреді [3, 8 б.]. Орыс әскерінің зеңбірек атуын тоқтатқан бір шырақшы еді. Ол ерлік көрсетіп, киелі, мінәжат ететін ғимаратымызды сақтап қалуы үшін кесенеге өрмелеп шығып, берілгенін мойындап, ақ жалау көтерген. Ақ жалауды көрген әскер атқылауын қойған деседі [3, 8 б.].

Кесене салынған уақыттан бері кесенеге 10 рет қайта өңдеу жұмысы жүргізілді. Түркістан генерал-губернаторы Александр Кун 1871-1872 жылдары “Түркістан” атты фотоальбомын жарыққа шығарады. Бұл еңбегінің нәтижесінде Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне Ресей патшалығының назары ауады. Ресей кесенеге жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін 1884 жылы 15 мың сом қаржы бөлді деген дерек бар [4, 34 б.].

Тарих ғылымының докторы Мұхтар Қожа Кеңес үкіметі жасаған жұмыстарға көңілі толмайтынын былай жеткізген: «Кеңестік дәуірде жүргізілген реставрациялық жұмыстар ескерткішті қауіпті жағдайдан алып шықты. Алайда барлық жұмыс ойдағыдай болды деп айта алмаймыз. Яссауи кесенесі айналасындағы бір топ ескерткіш бұзылды, ескерткіштің тіршілігі мен бұрынғы қоршаған ортасы өзгерді. Кеңестік заманда оған тек ортағасырлық сәулет ескерткіші ретінде қарады, оның қазақ халқының ұлы тұлғалар жерленген пантеон екені ескерілмеді. Жөндеу және реставрациялық жұмыстар барысында құлпытастардың басым бөлігі орнынан жылжытылды, олардың астындағы қабірлер көп жағдайда зерттелмеді және жермен-жексен етілді. 1959 жылы қабірхана есігіндегі керемет туынды болып табылатын күмістелген қола қоңыраушалар ұрланды. Кеңес дәуірінде кейбір реставраторлардың ақылсыз тірлігінен кесененің ғасырлар бойы аман-сау келген бөліктеріне зақым келді. Мысалы, қазандық күмбезінің бұрынғы ойығы бітеліп, кесене ішіндегі ауа ауысу тәртібі бұзылды, осының салдарынан сталактиттер опырылып құлады. 1993-1994 жылдары түрік фирмасының Яссауи кесенесінің іргесін бекітуі кезінде кесене қабырғалары мен цемент тіреулері арасына гидроизоляция жасалмаған. Осының салдарынан кесене қабырғаларының төменгі бөлігінде ылғалдылық екі есе өскен. 1995-2000 жылдары кесенеде жүргізілген жөндеу жұмыстары барысында антигидраттық ерітіндінің қолданылуы салдарынан ескерткіште зиянды тұз мөлшері еселеніп, көне сырлы қыштар қабырғадан ажырап, жерге түсіп сынуда. Әр жөндеу жұмысынан кейін ескерткіште ескінің лебі азаюы да

қынжылтады. Яссауи кесенесі – әлемде жалғыз, дара ғимарат. Оны сынақ алаңына айналдыруға болмайды» [4, 38 б.].

Жергілікті қазақ халқы да өз арасында кесенені жөндеу жұмыстарына қаражат жинаған. Бұл туралы Міржақып Дулатов “Қазақ” газетіне жариялаған мақаласында: “1910 жылы Түркістан шейхтары «мешітті түзетеміз» деп жұрттан есепсіз көп ақша жинайды. Көбін өз қалталарына қалдырып, «жиылған ақша осы-ақ» деп 12 мың сом көрсетіп, Козловский деген инженерді алдырып, мешіттің бұзылған жерлерін түзеттіре бастаған екен. Қожалар инженермен жанжалдасып, іс тоқтап, жиылған ақшаның көбі қожаларда қалды. Жиылған малдың, ақшаның бәрі қазақтыкі деп айтарлық, қожалар әр облыстағы қазақтарға барып, хазірет Сұлтанның мешітін түзетуге мал жинайды. Ақмешіт уезінде Хан деген жердегі диуана қожалардан бұрын болыс болған Ғұламқадір деген қожа һәм Мұзафар деген би екеуі 1910 жылы Атбасар уезіне шығып, бағаналының Қайдауыл деген ауылынан көп ақша жинап, өздері жеп қойыпты. Салық қожа деген үш жылдай жоқ болып кетіп, Ақмола, Семей һәм Жетісу облыстарында «Хазіретіміздің зиратын түзетеміз» деп мал жиып, Ходженттегі үйіне көп олжамен қайтыпты. 1909 жылы Әулиеата уезінің қазағы, Ботбай руынан Нұрмамбет Бәкі баласы деген бір бай хазіреттің зиратына ақша жинай барған Шахаб қожа дегенге таңдамастан жылқысының бір шетінен жүз жылқы берген екен. Қожалар бұл жылқының қымбаттарын сатып, Түркістанға тек тұяқ санын түгел қылып, әлгі арық-тұрақ көтеремнен жүз жылқы әкеліп тапсырыпты. Бұл қожаның мұнысына қарағанда, басқа қожалардың ең ынсаптысы боларға керек. Бишара момын қазақ әулиенің атын атап, мың түрлі сиқыр оқып барған тіленші қожаларға жем болып тұрған жайы бар. Түркістан қожаларының зиратты түзететін ойы жоқ. Зиратқа келгендерді ерікті-еріксіз талаудан басқа кәсібі жоқ», -деп қаржының тиесілі жеріне жетпегендігін ашына баяндаған [1].

1989 жылы Қожа Ахмет Яссауи кесенесі «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейіне айналды. 1991 жылы кесене ЮНЕСКО-ның қорғауына енді. 2000 жылы үлкен жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Алайда қателіктер бой алып, 2006 жылы жөндеу қайта жүргізілген еді [3, 8 б.].

Кесенедегі ерекше жәдігер Әмір Темір заманына тиесілі, 1399 жылы құйылған – тайқазан. Қазан 1399 жылы 25 маусым күні Әмір Темір тапсырысымен сирек кездесетін асыл металдардың қоспасынан құйылған. Тайқазанды құйған ирандық шебер Әбдуләзиз Шарафаддин Тебризи. Қазақ энциклопедиясына сүйенсек, Тайқазанның салмағы – 2 тонна, сыйымдылығы – 3 мың литр. Тайқазанның сырты 5 қатар болып өрнектелген өрнектерінде де мән бар. Бірінші қатарда Құран аяттарынан үзінділер, Пайғамбар хадисі жазылған. Екінші қатарға шебер өз аты-жөнімен қатар куфи жазу үлгісінде парсы тілінде тілек қалдырған, он сегіз рет қайталанып жазылған «Мубарак бад» деген сөз де «құтты болсын, берекелі болсын, береке дарыған орын» деген мағынаны білдіреді. Үшінші қатарда Құдайдың ұлылығы жайлы ескерту 22 рет қайталанып жазылды. Төртінші және бесінші қатарларда қазақтың дәстүрлі ою-өрнектері бейнеленген [3, 8 б.].

1935 жылы тайқазан Иран шеберлерінің III халықаралық конференциясына алынады. Конференция қазіргі Санкт-Петербург, сол кездегі Ленинград, қаласындағы Эрмитажда өткізіледі. Конференцияда КСРО тарапынан 18 баяндама оқылып, академик А.Ю.Якубовский өзінің «Темір дәуіріндегі Орта Азия шеберлері» атты баяндамасының тең жартысын Ақсақ Темірдің Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесі үшін жасаттырған қола бұйымдарына арнайды. Айта кетсек, мұндағы қоладан жасалған бұйымдардың саны 11 болған. Тайқазанмен қоса, алты шырағдан және есіктерге орнатылған төрт балға. Конференциядан кейін тайқазан Эрмитажда қалып қояды. 54 жыл бойы тайқазан отанына қайтарылмай келген. Тек 1989 жылы 18 қыркүйек күні ғана Өзбекәлі Жәнібековтың сіңірген терең еңбегінің арқасында тайқазан тарихи отанына, қазақ жеріне қайтарылады.

Бұл музей-қорық құрамында 137 ескерткіш пен 21 мыңнан астам жәдігерлер бар [3, 8 б.]. Алайда көптеген дүниелер қолды болған. Мұны растап, Әшірбек Мүминов бастаған топ

«Қожа Ахмет Яссауи» атты кітап альбомының екінші басылымында қолды болған жәдігерлерді енгізді. Ғалымның өзінің айтуынша: «1905 жылы кесенеден ұрланған шырағдан Франциядан, Луврдан бір-ақ шығыпты, 1915 жылы бір адам музейге сыйға тартқан көрінеді. Лувр музейінің басшылығына үлкен рақмет, бізге шырағдан туралы толық мәлімет беріп қана қоймай, шырағданның суретін жариялауға да рұқсат берді. Кесенеден ұрланған жәдігерлердің екінші бір тобы Санкт-Петербургте, Эрмитажда, шырағдандардың үшеуі, жазуы бар есіктің тұтқасы да сонда. Әріптестеріміз академик М.Б.Пиотровский, профессор Е.А.Резвандардың рұқсатымен жәдігерлердің көшірмесін алдық. Кесенеге қатысты үшінші деректер тобын өзіміздің Алматыдағы Ұлттық кітапханадан таптық. Ұлттық кітапхананың сирек кітаптар қорында 50-ден астам Құран бар екен. Құранның үшеуін 1935 жылы Яссауи кесенесінен алып келінгені туралы қолжазбаның өзінде және кітапхана құжаттарында жазылған екен. Бұған осы уақытқа дейін ешкім мән бермеген, зерттелмей қалып қойған. Бұл үш Құранның біреуі куфи жазуымен жазылған. Ал куфи жазуы XIV ғасырға дейін ғана пайдаланылған, яғни бұл– шамамен XII ғасырда көшірілген көне Құран. Екі Құран да құнды жәдігерлер қатарына жатады. Кейін көшірілгенімен, әр жолдың астына парсыша аудармасы берілген», - дейді [4, 38 б.].

Қожа Ахмет Яссауи кесенесі- түркі әлемінің рухани орталығы. Кесене халқымыздың баға жетпес мұрасы, ескерткіші. Бұл тек қана ескерткіш емес, Ислам дінінің гүлденіп, дамуының, кең қанат жаюының символы, ұлтымыздың мол қазынасы іспеттес. Сәулет өнерінің ескерткіші сонымен қоса мұсылмандардың мінәжат ету орнына айналған. Кесене сонысымен қазаққа ыстық әрі қадірлі.

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1 «Хазірет Сұлтан» мақаласы. Міржақып Дулатов. «Қазақ» газеті, №16-17 сандары. 1913 жыл 9 маусым.
- 2 Шараф ад-Дин Али Йазди. Зафар-наме. 2008 жыл.
- 3 Қазақ ұлттық энциклопедиясы 6 том. Бас ред. Б. Аяған, ред. алқасы: С. Әбиев [ж. б.] - Алматы : Қазақ энциклопедиясы, 2004 жыл.
- 4 Марфуға Шапиян «Тұлғалар өміріндегі ислам» Алматы 2020 жыл.
- 5 М.Тұяқбаев. Түркістанда жерленген тұлғалар. Алматы 2000 жыл

«ҚАЗАҚ КИЕЛІ ЖЕРЛЕРІ – ҰЛТТЫҚ ТАРИХЫМЫЗ БЕН МӘДЕНИЕТІМІЗДІҢ ҚҰНДЫ ЖӘДІГЕРЛЕРІ»

Рахымберлинова А., Колдасова Г.

Ғылыми жетекшісі: г.ғ.м., аға оқытушы Тулегенова А.Ж.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

gulniza.koldasova02@mail.ru, aikumis.rahimberlinova@mail.ru

Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында қазақстандықтардың рухани жаңғыруын жүзеге асырудың бірнеше бағытын анықтап берген болатын. Бұған ол бірқатар жобаларды жүзеге асыру арқылы қол жеткізуді ұсынды. Солардың бірі «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы.

Қазақстан жері тарихи және мәдени ескерткіштерге бай. Кесенелер, тарихи орындар, елді мекендер әлі күнге өткен дәуірдің құпияларын жасырып жатыр. Мұндай киелі жерлерді көру сол кездердің куәгерлерін кездестірумен және оқиғаларын көрумен бірдей болған болар еді. «Қазақстанның киелі жерлері» – тарих пен мәдениетке, адамның рухани дамуына және оның туған жеріне деген байланысына негізделі отырып, адам мен оның өміріне бағытталған. Тарихи дара тұлғаларды мәңгі еске сақтауда ұлтты мәдени байыту мен мінәжат